



ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ АМАНДАСАДЫ?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ДИРИЖЕРДІҢ СИҚЫРЛЫ ТАЯҚШАСЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Еліміздің негізгі басымдықтарын баршаңыз жақсы білесіздер. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сол арқылы тамыры тереңде жатқан мемлекеттік дәстүрімізді нығайта түсу. Қазір елдегі жағдай түбегейлі өзгерді. Әділетті Қазақстан дегеніміз – жалаң ұран емес, бұл – анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек.

№38 (4471) Сенбі 1 сәуір 2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



1-СЫНЫПҚА 26 МЫҢ ОҚУШЫ БАРАДЫ

Елордада биыл 1-сыныпқа 26 мыңға жуық бала барады деп жоспарланып отыр.

3 сәуірден 1 тамызға дейін жалпы орта білім беретін мектептерде құжаттарды қабылдау басталады. Мамандандырылған мектептерден басқа барлық мектеп 1-сыныпқа баратын балаларды емтихансыз қабылдайды.

Әр мектепте ата-аналарға көмек көрсету мақсатында 1-сыныпқа қабылдау бойынша комиссия құрылды. Ата-аналар құжаттарды «электрондық үкімет» www.egov.kz, веб-порталы арқылы тапсырады және де қағаз түрінде де тапсыра алады.

(Соңы 7-бетте)



ЕТ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Биылғы қаңтар айынан бастап елорда базарларында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы өзгерді, деп хабарлайды Elorda info.

Нан бағасына орта есеппен 10 теңге қосылған. Қаңтарда қырыққабаттың бір келісі 90-180 теңге аралығында болса, қазір 140-220 теңгеден сатылуда. Жыл басында тауық еті 1400 теңгеден бастап сатылса, қазір бір келісі 1750 теңгеге дейін саудаланып жатыр. Тауық жұмыртқасы орта есеппен 30 теңгеге қымбаттаған. Осыдан екі ай бұрын күріштің бір келісі 435-550 теңгеден болды, қазір базарларда 550-710 теңге аралығында сатылып жатыр.

Сыыр еті де қымбаттаған тауарлар қатарына жатады. Қаңтарда бір келісін 2300-2650 теңгеден алуға болатын еді. Қазір ет бағасы 2800 теңгеге дейін қымбаттап кетті.

Ал картоп, сәбіз бен пияз бағасы шамамен 20 теңгеге арзандады.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамының мәртебесін көтеру жөнінде бірнеше рет атап айтты. Шын мәнінде адамның қоғамдық ортадағы абыройы еңбегімен бағаланады. Балалар мен жастарды еңбекке баулу бірінші кезекте ата-ананың тәрбиесіне байланысты болса, екіншіден, мектептен бастау алатыны анық. Осы орайда 2022-2023 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1-сыныптан бастап оқушыларды еңбекке баулитын «Көркем еңбек» пәні оқу бағдарламасына қайта енгізілді.

КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстанда жеке тұлғалар үшін көлік салығын төлеу мерзімі биылғы 4 сәуірге дейін ұзартылғанын хабарлады.



Бұған дейін белгіленген төлеу мерзімі 1 сәуір демалыс күніне сәйкес келгендіктен, енді көлік салығын дер кезінде төлемеген азаматтарға 4 сәуірден бастап салық қарызы туралы хабарлама жолданады. Қарыз сомасы 1 АЕК (3450 теңге) мөлшерінен көп болса, 30 жұмыс күнінен кейін хабарлама келгеннен соң жеке тұлғаның қарызын өтеуі туралы салық бұйрығы шығарылады да ол борыш-

керге жіберіледі. Салық бұйрығын алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде қарызын төлемеген жағдайда мәжбүрлі түрде өндіріп алуға жеке сот орындаушыларға беріледі. ЖСО қарыз сомасынан бөлек, салық қарызынан қосымша тағы 25 пайызға дейінгі көлемде төлем өндіріп алады. Сондай-ақ олар борышкердің шоттарын жауып, шетелге шығу құқығын шектеуі мүмкін.

АСТАНАДА 8 СӘУІРДЕН 6 МАМЫРҒА ДЕЙІН «ЖАСЫЛ АСТАНА» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ӨТЕДІ



